


қаңқалы изомерлеу процесі үшіншілікті көміртек атомдарын түзуіне әкеледі, олар одан ары бұл өнімдердің крекингтеуін жылдамдатуын болдырады.

Алкилдеу - крекингке қарама-қарсы процесс және 400°C төмен температурада алғашқы заттардың көпшілігінде крекингтен басымдау болады.

Полимерлеу - деполимерлеу түрленуінің ерекше тепе-теңдігі туралы айтуға болады. Жоғары температураларда қысқа тізбекті өнімдерді түзумен тепе-теңдік деполимерлеу жағына қарай ығысады, ал төменгі температураларда полимерлеу және каталитикалық кокс түзу басымдылық көрсетеді. Қысқа тізбекті олефиндерді крекингтегенде үлкен молекулалық массалы өнімдердің түзілуі тек алкилдеу реакциясының нәтижесінде болады.

Диспропорциялау. Үлкен молекуланы β-ыдыратумен және ары қарай қайта топтастырумен карбенийлік ионның және олефин арасындағы C-C байланысы түзілуі арқылы өтетін (алкилдеу) бутанды крекингтеуді диспропорциялау реакциясына мысал болады.



Алкилароматты бөлшектер арасында алкил топтарымен алмасуына негізделген диспропорциялауға қарапайым мысал ретінде кумолдан диизопропилбензолдың түзілуін алуға болады. Бұл реакцияның біріншілікті болатындығы анықталған және диизопропилбензол мен бензолды түзу арқылы кумолдың екі молекуласын диспропорциялау жолымен өтеді.